

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕП

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
«№ 13 орта мектебі» ММ басшысы
Куштаев Аскар Тулебаевич

Қазақ халқының ұлы ұстазы, көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болады, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептегі балалар көбірек білім алып шықпақшы. Сондықтан мектепке керегі – ең әуелі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» деген екен. Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, меңгереді, тәжірибеде қолданады, оны дамытып нәтижесін тексереді.

Жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты мұғалімнің ізденімпаз болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың міндеті болуы керек.

Мен 1998 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірдім. Алғашқы еңбек жолымды 1998 жылы қызмет еттім. 2010 жылдан бастап «№13 орта мектебі»ММ мектеп директоры және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет жасап келемін. Еңбек өтілім 15 жыл, I санатты.

Ізденіс тақырыбым «Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында инновациялық технологияның тиімді әдістерін қолдана отырып, оқушының сыни ойлау құзіреттілігін дамыту»

Оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту-негізгі ұстанымым. Ондағы мақсатым-оқушылардың дүниетанымын кеңейту, жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық мүмкіндік туғызу, қабілетіне қарай шығармашылық жұмыспен шұғылдануға үйрету және ізденуге жол көрсету.

Республикада қалыптасып отырған өмір бойы үздіксіз білім алуға көшу міндеті мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін жаңашаландыру мәселесін алға қоюда.

Біліктілікті арттыру курстарыма тоқталсам:

1. «Методика оценки качества образования школы на квалитетической основе» №0124539.2013ж. Ақтөбе қаласы
2. «12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру» №004735.2014ж. Ақтөбе қаласы
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 640 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтадым. №000567. 2014ж. Орал қаласы
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 40 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтадым. №022465. 2016ж. Ақтөбе қаласы

5. Қ.Жұбанов атындағы ӨМУ 50 жылдығына орай өткізілген «Фольклор және ұлттық идея» атты халықаралық ғылыми конференцияға қатысқаным үшін сертификат. 2016 жыл.

6. «Қазақстан Республикасында көптілді білім мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» 13.11-24.11.2017ж (80 сағ)

Алғыс хаттар:

- «Педагогикалық озат тәжірибе және инновация» тақырыбында өткен қала мен ауыл арасындағы мектепаралық әдістемелік семинар» Бірғыз ауданының бөлім басшысы Н.Жүсіп алғыс хатпен марапаттады. 2016 жыл
- Республикалық «Ұстаз» газетінің таралымын көбейтуге үлес қосқаным үшін «Ұстаз» оқу – әдістемелік орталығының директоры Макешов Б.К. марапаттады. 2016 жыл
- Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің ректораты атынан біздің түлегіміз озат оқуымен, үлгілі тәртібі мен қоғамдық-саяси белсенділігімен топ жарып жүргені үшін университет ректоры, ҚРҰҒА академигі Т.Еспанов алғыс хат берді. 2016 жыл
- «Ашық Қазақстан» халықаралық конкурс-фестивальда оқушыларымыз қатысқаны үшін ұйымдастырушы комитетінің директоры Д.Н.Мусургалиева алғыс хат берді. Астана 2016 жыл

- Ұлыстың ұлы күні Әз-Наурыз мейрамының Ақтөбе қаласында жоғары деңгейде өткізілуіне ат салысып, белсене қатысқаным үшін Ақтөбе қаласының әкімінің орынбасары Л.А.Оразбаева алғыс хатпен марапаттады. 2017 жыл.

- Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берудегі озық тәжірибесін көпшілікке танытып үлгі болып келе жатқан жоғары белсенділігі үшін ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ -Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы -2017ж

Осы аралықта өзімнің жеткен жетістіктерімді атап өтсем:

- «Қайталау-білім шыңының айнасы (ҰБТ-ға дайындық)» электронды орта.Ақтөбе қ.2013ж

- Республикалық « 45 minut kz» басылымына сабақтар топтамасының ғылыми жетекшісі болдым. Алматы-2013ж

- «IT-сабақ»сандық білім беру ресурсы облыстық байқауында ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалануда педагогикалық озық идеяларды қолданып, инновациялық іс-тәжірибелерімді шеберлікпен көрсетіп, ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕР НОМИНАЦИЯСЫНДА III дәрежелі диплом. 2015жыл

- Мұғалімдерге арналған Қазақ тілінен өткен Ұлттық Интернет Олимпиадасы.I орын. 2017ж

- «5 сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының топтамасы»электронды орта.2017ж.

- «5-8 сыныптарға арналған диктанттар жинағы» әдістемелік жинақ.2017жыл

Ұстаз еңбегі оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушы жүрегінен жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Баланың жеке тұлғасын қалыптастыру - оның рухани әлемін байыту, жеке дарындылығын дамыту. Осы мақсатқа жету жолында жасалған жұмыстар:

- Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қалалық кіші олимпиада 6 класс оқушысы II орын, 2013ж

- «Ақберен» республикалық байқауының қалалық кезеңі 9 класс I орын, 2016ж

- Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қалалық кіші олимпиада 8 класс оқушысы II орын, 2015ж

- «Атадан-Мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Бүлдіршіндер мен Мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған II Республикалық «Тәуелсіздік тұғырым» байқауы, бас жүлде 2016ж

- Қазақ тілі пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиадасы II дәрежелі диплом, екі оқушы, 2017 жыл.

Ұстаздың биігі,ойлана қарасаң,биіктей береді,үңіле қарасаң,тереңдей береді;қол созсаң-қарсы алдында,айналсаң артыңда тұрғандай»деп Сократ айтқандай, егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылуда.

Шығармашылық-бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы,ізденуі.